

«Қазақстан халқына»
Қоғамдық қоры
Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылғы 21 қарашадағы № 22
шешімімен
БЕКІТІЛДІ

Ерекше жағдайларда емделушілерге шетелдік емдеуге жіберу кезінде атаулы көмек көрсету жөніндегі кеңейтілген тәсілдер мен алгоритмдер

Емделушілерді шетелге жіберудің қолданыстағы алгоритмі:

1. Атаулы көмек мұқтаждардың төмендегілерді қолданып жіберілген өтініштері (өтінімдері) негізінде көрсетіледі:

- 1) операторлар платформасына түсетін Қор порталы;
- 2) Қордың электрондық құжат айналымы жүйесі.

2. Өтінімге республикалық деңгейдегі бейінді ұйымның қорытындысы, медициналық карталардан үзінді көшірмелер және өтініш берілген сәттен бастап 3 айдан кешіктірілмей емделушінің және Қордың қаржыландыруына мұқтаж адамның жай-күйін растайтын басқа да құжаттар қоса берілуге тиіс.

3. Осы Ережелердің 2-тармағына сәйкес келмейтін өтінімдерді операторлар қабылдамайды және өтініш берушілерге жетілдіруге жібереді.

4. Қордың және 2-тармақтың тұжырымдамаларына сәйкес келетін өтінімдерді операторлар БЖБО атаулы көмек тобына қарауға жібереді.

5. БЖБО атаулы көмек тобының менеджері (бұдан әрі – менеджер) өтінімді қарайды және келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ерекше жағдайларда жекелеген азаматтарға атаулы көмек көрсету шеңберінде іске асырылатын тәсілдерге сәйкес Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетіне құжаттарды дайындау қажеттілігі туралы;

2) қажетті қосымша ақпарат алу үшін сұрау салуды республикалық бейінді емханаға немесе басқа уәкілетті органға жіберу туралы.

6. БЖБО менеджері шетелде емдеу нұсқалары бойынша жұмыс органына сұрау салады. Жұмыс органы осы технология жүргізілетін емханалардың ықтимал тізбесін жібереді.


7. Шетелге емделуге жіберу үшін барлық қажетті құжаттар болған жағдайда менеджер Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетіне шығару үшін құжаттар топтамасын қалыптастыру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізеді.

8. Қалыптастырылған өтінімдер Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің қарауына қайырымдылық көмек көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін, сондай-ақ емхананы таңдау бойынша шығарылады. Комитеттің шешімдері Төраға, барлық мүшелер қол қойған хаттама түрінде ресімделеді және қарау үшін Қор Басқармасына жіберіледі.

9. Басқарма Комитеттің хаттамасын қарайды және қарау қорытындысы бойынша қайырымдылық көмек көрсету не одан бас тарту туралы шешім

қабылдайды. Басқарма шешімі Басқарма отырысының хаттамасы түрінде ресімделеді және оған Басқарма Төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Атаулы көмек көрсетудің қолданыстағы алгоритмі




Көрсеткіштердің кеңеюіне байланысты шетелде емделуге арналған өтінімдер саны ұлғаяды, сондықтан логистика және емделушіге, онымен бірге жүретін адамға қолдау көрсету бойынша жоспарлы жұмысты қамтамасыз ету үшін Емделушілерді шетелде емдеуді ұйымдастыру жөніндегі қазақстандық коммерциялық серіктес (бұдан әрі – Серіктес) қажет.

Атаулы көмек көрсетудің ұсынылатын алгоритмдері:

1) ҚР ДСМ жұмыс органының сұрау салуы бойынша емделушіні шетелдік емделуге жіберу үшін



2) *Емделушілерге атаулы көмек көрсетуге өтінімдерді портал арқылы немесе құжат айналымы арқылы қарау кезінде*



Бұған дейін Қор емделушілерді шетелге емделуге жіберілуіне қатысты өтінімдерін қарау кезінде Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы жұмыс органы әзірлеген өлшемшарттарға сүйенді. Қордың қарауына келіп түскен өтінімдерді талдау шет елде емделуге жіберілетін аурулардың тізбесіне кірмейтін диагноздары бар емделушілер шет елде атаулы көмек пен емделуге мұқтаж екенін көрсетті («Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын әзірлеуді бекіту туралы» ҚР ДСМ 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығы (бұдан әрі – Бұйрық)). Сондықтан емделушілердің көптеген өтініштері қанағаттандырылмады және өлшемшарттар шектеулі болғандықтан

өтініш берушілердің өтінімдері қабылданбады.

Өтініштердің көп бөлігі онкология мен онкогематологияда, әсіресе балалар мен жастар санатында (14-29 жас) көмек көрсету туралы өтініштерден тұрады. Өтінімдерді талдау белгілі бір жағдайларда Қазақстанда осындай санаттағы науқастарға көмек толық көлемде көрсетілмейтінін көрсетті.

Осыған байланысты, шетелге жіберу үшін атаулы көмек тәсілдерін кеңейту орынды деп санаймыз. Жаңа тәсілдер мыналарды қамтиды, егер:

- республикалық денсаулық сақтау ұйымдарында емделу кезінде емделушінің жай-күйінде оң динамиканың болмауы және ықтимал қолайлы нәтиже болжамы бар;

- қазіргі уақытта Қазақстанда қажетті технологиялар мен дәрі-дәрмектердің болмауы (*кейбір химиотерапия дәрі-дәрмектеріне төзбеушілік және көтере алмау кезінде*).

Сонымен қатар, Қор:

- елімізде онкологиялық аурулары бар балалар мен жастарға (14-29 жас) көрсетілетін медициналық қызметтер спектрін кеңейту мақсатында қазақстандық дәрігерлердің онкология және онкогематология саласындағы құзыреттерін арттыруға жәрдемдесуге;

- орфандық аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тәсілдері шеңберінде жәрдем көрсетуге;

- ТМККК және МӘМС шеңберінде көзделген шаралардан тыс онкологиялық аурулары бар балаларға химио- және иммунотерапия жүргізу үшін қажетті дәрі-дәрмектерді сатып алуды назарда ұстауға ниетті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шетелдік емделуге мұқтаж емделушілерге көмек көрсету келесі диагноздарды қамтиды:

- республикалық денсаулық сақтау ұйымының тиісті қорытындысы болған кезде Қазақстан Республикасының азаматтары шетелге емделуге жіберілетін аурулардың тізбесіне кірмеген диагноздар.

- егер Жұмыс органы белгілі бір себептермен республикалық бюджет есебінен квота бойынша жібере алмаса;

Сонымен қатар, балалар мен жастар арасында (14-29) кейбір онкологиялық және онкогематологиялық жай-күйлері бар емделушілердің шетелдік емдеуге арналған айғақтардың болуына өтінімдерін қарау үшін республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының жетекші сарапшыларын қоса алғанда, Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің құрамын кеңейту орынды деп санаймыз.

Келесі ұйымдардың қорытындыларын қарау ұсынылады:

- «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ;
- «University Medical Center» корпоративтік қоры Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы;
- «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ;
- «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ;
- «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» АҚ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шетелге жіберу шеңберінде атаулы

көмектің жоғарыда көрсетілген тәсілдерін, сондай-ақ шетелде емделушілерді емдеуді ұйымдастыру бойынша қазақстандық коммерциялық әріптесті таңдау өлшемшарттарын қарау ұсынылады.

Қор үшін шетелде емделушілерді емдеуді ұйымдастыру бойынша қазақстандық коммерциялық әріптесті таңдау өлшемшарттары

1. Құқық қабілеттілігі – әлеуетті қазақстандық коммерциялық серіктес келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылу;

1.2. қазақстандық коммерциялық әріптес (заңды тұлға) мүдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес заңды тұлға болып табылмайды;

1.3. қазақстандық коммерциялық әріптес (заңды тұлға) және оның құрылтайшылары (акционерлер, бенефициарлар, оның ішінде түпкілікті бенефициарлар) қандай да бір санкциялық тізімдердің, ҚЖ/ТҚҚ және т. б. фигуранттары, сондай-ақ саяси маңызы бар тұлғалар (Politically Exposed People) болып табылмайды;

1.4. Қазақстандық коммерциялық әріптес (заңды тұлға) белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін шетелдік емхананы сапасыз таңдағаны үшін тәуекелдерді көтереді.

2. Шетелде емделушілерді емдеуді ұйымдастыру бойынша кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы, шетелде емдеуді кәсіби медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру, емделушіні тасымалдау мүмкіндігі:

2.1. Қазақстан Республикасында медициналық қызметті жүргізуге лицензия;

2.2. қазақстандық және/немесе шетелдік сақтандыру ұйымдарының шетелде емделуін ұйымдастырумен сырқаттанған жағдайда сақтандыру шарттарына қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі – кемінде 3 жыл (ерікті медициналық сақтандыру шарты (ЕМС), саяхатшыларды сақтандыру шарты) не медициналық туризм (шетелде емдеуді ұйымдастыру) шарттары бойынша ұқсас жұмыс тәжірибесі;

2.3. емделушілерді емдеуді ұйымдастыру үшін шетелдегі медициналық ұйымдарға, атап айтқанда емделушілерді емдеу бейіні бойынша жетекші әлемдік клиникалық орталықтарға қол жеткізу желісінің болуы;

2.4. шетелде емделуді медициналық сүйемелдеу үшін, сондай-ақ емделушілерді медициналық тасымалдауды ұйымдастыру үшін ресурстардың болуы (шетелдік емхана үшін емделушінің анамнезін ағылшын тілінде дайындау, медициналық құжаттаманы аудару және қашықтықтан медициналық сүйемелдеу, емделушіні тасымалдау кезінде дербес медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру, авиакомпаниялармен арнайы медициналық тасымалдауды ұйымдастыру (air ambulance, medical blocks in civil airlines қызметтеріне қолданыстағы шарттар)).

3. Сенімді қаржылық жағдай, Қормен бірлесіп қаржыландыруды жүзеге

асыруға дайындық және мүмкіндік:

3.1. Серіктес сенімді салық төлеуші болып табылады және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі жоқ;

3.2. емделушілерді емдеуді ұйымдастыруға байланысты шығыстарды (яғни емделушілерді емдеуге арналған шығындармен тікелей байланысты емес), сондай-ақ емделушілер мен ілеспе тұлғаларды тасымалдауға және олардың тұруына арналған тікелей шығыстар болып табылмайтын шығыстарды (мысалы, консьерж-қызметтер, аудармашылар қызметтері және т.б.) қаржыландыруға дайын болу.

Шетелдік емхананы таңдау өлшемшарттары

1. медициналық көмек көрсету құқығына рұқсат беру құжаттарының болуы;

2. 15 жылдан астам тәжірибесі бар үздік мамандардың болуы;

3. осы технология бойынша шетелдік емхананың жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл;

4. емхананың рейтингі;

5. баға саясатын ескере отырып, медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігі;

6. шетелдік емханада Joint Commission International (JCI) және т.б. «алтын белгінің» болуы құпталады.